

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АЛҒА АУДАНЫ
МКҚК «Балапан» Маржанбұлақ
балабақшасы»

030210 Ақтөбе облысы,
Алға ауданы
Маржанбұлақ ауылы,
Мектеп көшесі, № 6
Тел 8(7133) 75-37-50

БҰЙРЫҚ
№ 47



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АЛГИНСКИЙ РАЙОН
ГККП «Маржанбулаковский
детский сад «Балапан»
030210 Актобинская область,
Алгинский район
с.Маржанбулак
ул.Мектеп № 6
тел 8(7133) 75-37-50

ПРИКАЗ
« 04 » 09 2023 ж.

**«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
Консультациялық пункттің жұмысы туралы».**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №1-112§2 бұйрығына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата –
аналарына педагогикалық-психологиялық көмек көрсету мақсатында, 2023 –
2024 оқу жылында балабақшаның Консультациялық пункті өз жұмысын
жалғастырсын.
- 2.Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру жауапкершілігі
балабақша психологы Д.К.Арзакуловаға жүктелсін.
- 3.Консультациялық пункттің жұмыс жоспары бекітілсін
- 4.Консультациялық пункттің құжаттар тізбесі бекітілсін:
 - 4.1 МДҰ мен баланың ата-аналарының (занды өкілдерінің) өзара
міндеттемелері туралы шарт;
 - 4.2 МДҰ мамандардың кеңес беру пунктіне ата-аналардың (занды
өкілдерінің) өтініштерін есепке алу журналы;
 - 4.3 Консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
 - 4.4 Консультациялық пункт туралы Ереже;
 - 4.5 Жоспар бойынша өткізілген шаралардың жинағы.
5. Оы бұйрықтың орындалуы балабақша әдіскері Н.Т.Кангожинаға
жүктелсін.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының
меңгерушісі



Еркусимова Л.Т.



«Бекітемін»

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының

менгерушісі Л.Т.Еркусимова

2023 жыл.

*«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының
мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың
/1-2 жас/ ата-аналарына арналған консультациялық
пунктінің жұмыс жоспары*

2023 – 2024 оқу жылы.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы базасында құрылған ата – аналарға арналған консультациялық пункт мектеп жасына дейінге балаларды дамытуда отбасына көмек көрсету болып табылады

Консультациялық пункттің негізгі мақсаты:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалары мектепке дейінгі ұйымға бармаған ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- Ата – аналар қоғамдастығына мектепке дейінгі ұйым мамандарының психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуін жүзеге асыру;
- Балаларды мектепке дейінгі ұйым жағдайларына бейімдеу және әлеуметтендіру;
- 1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың педагогикалық құзіреттілігін арттыру;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы кездесетін бұзылушылықтардың алдын алу және уақытылы теңестіру.

№	Тақырыбы	Жауапты
Қыркүйек		
1.	Басшының қатысуымен кеңес. Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға кеңес беру-қызметін ұйымдастыру.	Меңгеруші
2.	Кеңес беру пунктіне ата-аналарды шақыру.	Әдіскер Тәрбиешілер
3.	Баланы анасыз балабақшада қалдыруға қалай дайындау.	
4.	Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке кеңес беру.	
Психолог		
Қазан		
1.	Баланың балабақшаға бейімделуі.	Меңгеруші
2.	Баланы алдын ала баратын балабақшасымен таныстыру керек пе?	Әдіскер
3.	Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке кеңес беру.	Тәрбиешілер
Психолог		
Медбике		
Қараша		
1.	Балабақшаға баратын бала нені білуі керек?	Меңгеруші
2.	Баланың қырсықтығы.	Әдіскер
3.	Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке кеңес беру.	Тәрбиешілер
Психолог		

Желтоқсан		
1.	Тамақтану-салауатты өмір салтының негізі.	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Психолог Медбике
2.	Баланы қалай шынықтырамыз?	
3.	Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес беру.	
Қаңтар		
1.	Кел, ойнайық! 1-2 жастағы балалармен ойын түрлері.	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Психолог
2.	Басқалардан ойыншықты алып қоймауға, бөлісуге, өзін ренжітпеуге қалай үйретеміз?	
3.	Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес. Ойын қызметі.	
Ақпан		
1.	Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі ертегінің рөлі.	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Психолог
2.	Балаларыңызбен демалыс ұйымдастырыңыз!	
3.	Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес.	
Наурыз		
1.	Бала өміріндегі ойыншықтардың рөлі	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
2.	МДҰ балалардың сауықтыру түрлері.	
3.	Ата-аналар сұрауы бойынша жеке жұмыс жасау.	
Сәуір		
1.	Бақытты отбасы әліппесі!	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Психолог
2.	Кішкентай баламен қалай ойнау керек?	
3.	Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес.	
Мамыр		
1.	Баланы үйдегі қимыл белсенділігі, ойыны.	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Психолог Медбике
2.	Ата-аналарға сауалнама: «Балаңызды жақсы білесіз бе?»	
3.	Ашық есік күні.	
Ата – аналарға арналған консультациялық жұмыстың педагогикалық кеңестегі жылдық есебі		

Хаттама

Мекеме: «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы.

Уақыты: қыркүйек айы, 2023 жыл.

Тақырыбы:

- 1.Басшының қатысуымен кеңес. Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға кеңес беру қызметін ұйымдастыру.
- 2.Кеңес беру пунктіне ата-аналарды шақыру.
- 3.Баланы анасыз балабақшада қалдыруға қалай дайындау.
- 4.Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке кеңес беру.

2023 -2024 оқу жылында, қыркүйек айында «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалары мектепке дейінгі ұйымға бармаған ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында ата – аналармен кездесу ұйымдастырылды. 2023 – 2024 оқу жылына арналған Консультациялық пункттің әр ай сайынға жоспары құрылғандығы туралы ата – аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, таныстырылды және мектеп жасына дейінгі балалары бар отбасылар аталып өткен «Консультациялық пункттың» көмегіне, жұмыс күндері сағат 9.00 ден 18.00 ге дейін балабақша меңгерушісінен, әдіскер, медбике, психолог және тәрбиешілерден керекті және толғандырып жүрген мәселелері бойынша мәлімет ала алатындығы туралы айтылып өтті. Ата - аналармен «Баланы балабақшаға қалдыруға қалай дайындау» деген тақырыпта баяндама оқылды. Алғашында балалар балабақшаға әртүрлі үйреніседі. Көбінесе балалар балабақшаға, жаңа жағдайда, еш дайындықсыз келеді. Олардың көпшілігі ботқа жеуге, сүт тағамдарын жеуге, яғни, өз бетінше тамақтануға бейімділмеген болады. Ал балабақшаға бейімдеудің өзімдік шарттары болады. Күн тәртібі: Баланың жаңа ортаға қалай бейімделуі үйдегі күн тәртібіне байланысты. Баланы туғаннан белгілі бір уақытта ұйықтатып, ұйықтар алдында ауа тазартып, әдемі ертегі оқып беріп қалыптастыру керек. Баланың дені сау, болып өсуі үшін тамақтануды реттеу керек. Өйткені, баланың тамақтануы-оның өсіп келе жатқан ағзасының құрылыс материалы болып табылады. Сүт, ет, балық, жұмыртканың негізін құраушысы, секер, кортоп-көмірсулар негізі. Ас мәзірі түрленуі тиіс. Бала тамақтанып отырғанда жан-жағына алаңдамай, сөйлемей отыруы тиіс. Балабақшаға дейін баланы емізуден шығару—бала үшін де, басқа үшін де өте маңызды. Серуен-әр күн тәртебіндегі ерекше шара. Табиғатпен таныса жүріп, бала байқампаз, сак, анды болуды үйренеді. Өзін қоршаған орта туралы алғашқы ұғымдары қалыптасады. Сәбимен сөйлесіп жүру керек: жануарлар мен өсімдіктер туралы, машиналар мен адамдар туралы, ауа-райы құбылыстары туралы. Баланың балабақша ішіндегі күн тәртібіне көндігі алмай қиналмасын десеніз, бірнеше күн бұрын үйдегі іс – әрекетін балабақша тәртібіне жақындатып, баланың бойын үйретіп қоюға болады. Бірден бөтен күн тәртібін қабылдай алмайтын бала не балабақшадан безініп тұрады, не-тоңмойын боп алады. Назар аударыңыз: Өз бетінше іс-әрекет ете алу мүмкіндігіне байланысты әр бала бейімделу кезінде қандай көңіл-күйде өтетініне назар аударыңыз. Балабақшаға келер алдында бала бойында қалыптасуы тиіс: - өз бетінше тамақ жеу, – түбекке отыру, - киіне алу - барлық мәдени-гигиеналық қабілеттерге оң көзқарасты болуы. Отбасы жағдайында керекті гигиеналық қабілеттерге үйреніп қалыптастырылса, бала да жаңа ортаға тез бейімделеді. Ол үшін ата-ана таңғы және кешкі жуынуды, киім кию ретін, дастархан басында өзін қалай ұстауды үйретуі тиіс. Оның ішінде түбекке сұрану, әжетханадан кейін қолды сабынмен жуу, астан кейін сүрткіштерді пайдалануды үйрету бәрінен де маңызды. Достық-бұл ғылым. Егер бала үйден шықпаған, яғни әке-шешеден басқа адам көрмеген болса, қарым-қатынас қалыптастыруда оған өте қиын болады. Мұндай балаға жаңа адамдармен танысу қиын болады да, ол өзгелерден алшақтап, оңаша қалғысы кеп тұрады. Ол үшін көрші-көлем, туыс-тумалардың балаларымен араласып ойнату, бір-бірімен ойыншық алмастырып ойнату керек. Балалардың балабақшаға баруға ең қолайлы кезеңі-жаз бен көктем боп есептеледі.

Ал жанбырлы коныр күзге мұндай шаруаны қалдырмаған дұрыс. Қай балабақшаға баратыны анықталған соң ол жерге барып көруіңіз керек: тәрбиешілермен, басқа да қызметкерлермен, меңгерушімен танысуға құжылысыз. Тәрбиешілермен сөйлесіп, көкейіңіздегі барлық сұрақтарға жауап ала аласыз. Соның ішінде жаңадан келетін балаға қандай заттар керек, қанша уақытқа, қашан әкелетінін білесіз. Баланыңды балабақшаға алғаш апарған күні Сіз барлық қиындықты артқа тастағандай боласыз, бірақ баланыңды балабақшаға бармаймын деп жылауы, әртүрлі шарттар қоюы, бақшаның немесе тәрбиешінің үстінен арыз айтуы, жана жағдайда, яғни балабақша жағдайына бейімделуге балаға да отбасына да уақыт керек болады. Бейімделу кезеңі жеңіл, ауыр, өте ауыр деген үш түрлі болады. Сәйкесінше ол 2-3 ай көлемінде өтуі мүмкін. Кей балада ерекше жағдайда 4-5 айға созылуы мүмкін. Осындай кезде бақша қызметкерлері мен отбасы мүшелері арасында тығыз байланыс орнауы тиіс. Балаға балабақшаның қандай болатыны, ондағы күн тәртібінің қандай болатыны туралы айту керек. Өзге ортаға кірігу үшін, басқа балалармен атын сұрап танысуды үйрету керек. Баланың көзінше балабақшаны, балабақша қызметкерлерін, күн тәртібін мақтап, әңгімелеп, қызығушылығын тудыру қажет. Ал, баланың үйдегі тәртібін реттеу үшін бақшаға апарып тастаймын,-деп қорқытуға болмайды. Керісінше, оны бұрынғыдан сирек көретіндіктен, жиірек құшағыңызға қысып, пікір алмасыңыз. Сөйтіп балабақшаны өзінің екінші үйі деп ұғынуына мүмкіндік жасау керек. Осындай қарапайым ереже – шарттарды сақтасаңыз өз баланыңды бере тұрып, ешқандай уайымдамауыңызға болады.

Қорытынды:

1. Ата аналар «Консультациялық пункт» жұмыс жоспарымен танысып, сұрақтары бойынша балабақша мамандырының көмегіне міндетті түрде жүгінетіндері туралы айттып өтті.
2. «Консультациялық пункт» жоспарына сәйкес ай сайынғы жұмысын жалғастыру.



Балабақша меңгерушісі:

Әдіскер:

Психолог:

Тәрбиеші:

Еркусимова Л.Т.

Кангожина Н.Т.

Арзакулова Д.К.

Абенова А.Р.

Хаттама

Мекеме: «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы.

Уақыты: қазан айы, 2023 жыл.

Тақырыбы:

1. Баланың балабақшаға бейімделуі.
2. Баланы алдын ала баратын балабақшасымен таныстыру керек пе?
3. Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке кеңес беру.

2023 – 2024 оқу жылында «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында «Консультациялық пункт» жылдық жоспарына сәйкес, қазан айында «Баланың балабақшаға бейімделуі» және «Баланы алдын ала баратын балабақшасымен таныстыру керек пе?» тақырыптары бойынша ата – аналармен жеке кенестер жүргізіліп, жаднамалар таратылды. Бейімделу деген жана қоршаған ортаға үйрену. Балабақша балаға, әрине, жаңа, әлі таныс емес кеңістік, жанашылық қарым-қатынас. Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психо-физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым-қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегінің қатысу шарттарына байланысты. Әр бала балабақшаға өзіндікпен үйренеді.

1. Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ.
2. Бала жанаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты.
3. Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт.
4. Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, сәбилердің онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз.
5. Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.
6. Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын, олардың немен айналысатынын айтыңыз, себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек.
7. Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағынды ішпесен, балабақшаға жіберемін»; «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді).
8. Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы сәби үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ.

9. Баланы балабақшадан алып қайтарда міндетті түрде олардың немен айналысқанын, қандай тамақ ішкендерін сұраңыз, жетістіктері үшін мақтауды да ұмытпаңыз. Бала ата-анасы қасында болмаса да, оларға өз өмірінің қызықты екенін білуі тиіс.
10. Баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасып үйреніңіз, бұл істі көпке созбаған жөн, әйтпеген жағдайда бала сіздің абыржығаныңызды сезіп қояды да, сізден айырылғысы келмей қалады.
11. Әрдайым қасында екеніңізді және мейлінше жақсы көретініңізді бала қашықта жүрсе де сезінуі үшін, оның қалтасына шағын ғана естелік зат салып беріңіз, бұл оның көңіліне медеу болады.
12. Еш уақытта балаға көрінбей қашып кетуші болмаңыз, өйтетін болсаңыз, ол сізге сенбейтін болады. Қоштасудың өздеріңізге тән әдісін ойлап табыңыздар: беттен сүю немесе мұрындарыңыздың ұшын түйістіру секілді.
13. Балабақшаға баруы үшін баланы ешқашан да ойыншықтармен «сатып алуға» тырыспаңыз. Өйтетін болсаңыз, тағы да балабақша туралы жағымсыз пікірін қалыптастырасыз.
14. Әрине, әрбір бала өз алдына бір әлем, олардың әрқайсысының ыңғайын таба білу керек, алайда тек сүйіспеншілік, шыдамдылық және парасатты оң ықылас қана балабақшаға баруды сүйікті іске айналдыра алады.

Қорытынды:

1. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында «Консультациялық пункт» жұмысын жоспарға сәйкес ай сайынғы жұмысын жалғастыру.



Балабақша меңгерушісі:

Әдіскер:

Психолог:

Тәрбиеші:

Медбике:

Еркусимова Л.Т.

Кангожина Н.Т.

Арзакулова Д.К.

Аймахова С.А.

Алдиярова А.

Хаттама

Мекеме: «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы.

Уақыты: қараша айы, 2023 жыл.

Тақырыбы:

1. Балабақшаға баратын бала нені білуі керек?
2. Баланың қырсықтығы.
3. Ата-аналардың сұрауы бойынша жеке кеңес беру.

2023 – 2024 оқу жылында «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында «Консультациялық пункт» жоспарына сәйкес қараша айында ата – аналармен «Балабақшаға баратын бала нені білуі керек?» және «Баланың қырсықтығы» тақырыбында кеңестер жүргізілді. Балабақшаға баратын баланың өзіне-өзі қызмет ету дағдылары дамуға тиісті: киіну, ас ішу, дәретханаға бару, қол-бетін жуу, сүлгімен сүрту. Әрине, тәрбиешілер түйме-бауларымен айналасуға көмектеседі, бірақ, олар бар топтағы тәрбиеленушілердің әрқайсысын шешіндіріп-киіндіріп және қасықтан ас беруге барынша көмектеседі.

Екі жастағы баланы дербестілікке үйрету ең ыңғайлы жас. Кішкентай адамның психикалық даму заңымен табиғаттың өзі де сіздің жағыңызда.

Екі жастағы баланың ата-анасы дербестілікке ұмтылған балаға бөгет жасамауға тиісті. Бұл өте маңызды сәт! Үш жастағы бала дербестілік дағдыларын меңгереді: ішу-жеу, тіс тазалау мен жуыну, киіну-шешіну, уақытында дәретке бару. Ойыншықтарын жинау, орнына қою, үстелді сүрту, киімді ретімен жинау дағдыларын меңгереді.

Сіз осыған сенбейсіз бе? Сеніңіз: баланың осындай жетістіктерге жету үшін, сізден керегі – бөгет жасамаңыз! Қолынан қақпаңыз, жұлқыламаңыз, әр қадамын қадағаламаңыз, баланың орнына ісін орындамаңыз, өйткені «ол кішкентай, ештеңе қолынан келмейді!» – деп айтпаңыз.

Сәбидің дербестілік киінгені ананың жүйке жүйесін қозғайды, әсіресе ол өзі темпераменті бойынша ашушаң немесе сангвиник болса. Бір сөзбен айтқанда – өз-өзіне ұстамды болу, шыдамды, баламен қарым- қатынасы сезбелі болу тиісті, импульсті емес.

Өз жұмыстарыңызды жоспарлағанда, алдын-ала күн тәртібіңіздің бір-біржарым сағатыңызды баланың «дербестілігіне» сақтаңыз. Балаңыздың күші келетін іс-әрекетті оның орнына орындамаңыз. Таныс емес дағдыны дербесті орындауға мүмкіндік беріңіз, тек қана, балаға көмек қажеттігін көріп тұрсаңыз, «әкел, мен істейін!» – демей, «қарашы, бұл осылай істеледі!» – деп, үйретіңіз.

Екіншіде, баланың күші келмейтін тапсырмаларды бермеңіз, сәби амалым жоқ деп сезбесін, қайта көбірек жетістіктерге жете берсін.

Баланы киініге қалай үйрету керек? Келесі кеңестерге назар аударыңыздар:

- «Тек қана өзің киін!» – деп, айта көрмеңіз. Бірақ «Өзім киінемін!» – десе, бөгет жасамаңыз.

- Өз уақытыңызды баланың киінуге үйрену мезгілімен жоспарлаңыз. Танертен жарты сағат ерте тұрғаныңыз жөн болады, өйткені жаңа дағдыға үйренуге бөгет жасамаңыз.

- Егер бала өзінен-өзі киінгісі келмесе, кішкене көмектесіңіз. Мысалы: нәскиді кигізгенде, толық кигізбеңіз. «өзің жоғары тарт!» – деп, ұсыныс беріңіз.

- Тек қана жеңіл шешінетін киімді «Шеш!» -деп, балаға айтыңыз. Киіну-шешіну дағдысына бала бертіндеп үйренеді, балаға кішкентай «сабақтарды» өжетті ұсыну дұрыс болады: «қолыңды жеңге өзің кіргіз» т.б.

Баламен сайыс та ұйымдастыруға болады: кім нәскиді тез киінеді, кім шалбарды тез шкафқа іледі, т.б.

«Баланың қырсықтығы» бойынша кеңестер: 1. Есте сақтаңыз-«Бала-ол ата-ананың адамгершілік өміріндегі айнасы» 2. Балаңызға деген талапты көтермеңіз. 3.Балаңызға еркіндік беріп, бірақ әркез қасында болыңыз. 4. Балаңызды мақтаңыз, мақтау ешқашан артық болмайды. 5. Балаңыз еркелеп, Сізді тыңдамаса-оны біраз уақыт жалғыз

қалдырыңыз, бала ойланып, тынышталады. 6. Кішкентай балалар үшін көңілін басқа жаққа аудару тәсілін қолдануға болады. 7. Үлкендер міндетті түрді балаға таңдау беру керек. (Сен көже ішесің бе әлде екінші жейсің бе?) 8. Жанжал болған жағдайды бағаланыз. Мүмкін Сіз балаға жол берерсіз. 9. Егерде сіз баладан бірден істеуді өтіңсеңіз, Ол міндетті түрде Сіздің өтінішіңізді орындау керек. Бірақ Сіз оны қадағалауыңыз керек. Егер өтінішіңіз орындалмаса, балаға ескерту жасалады. 10. Бала еркелігі- ол дұрыс тәрбие бермеудің нәтижесі. 11. Баланың кейбір қылықтарына ашуланбау мүмкін емес. Ол жиі болмаса да кей - кейде орын алып тұрады. Міне, осындай кездері оған ашулануыңыздың себебін сабырлы кезіңізде түсіндіруден қашпаңыз. «Кішкентай ғой, не түсінер дейсің?» деген түсініктен де аулақ болыңыз. Оның қай жерде дұрыс жасамағандығын айтыңыз және неге бұлай еткендігінің себебін сұраңыз. Сонда араларыңызда бір - біріңізді еркін түсінетін көпір қалыптасады. 12. Өзінің айтқанын орындату үшін жерге өзін тастай салып, жата қалып жылайтын баланы жазалаудың ең дұрыс әдісі - оны жалғыз қалдыру. Үнсіз ғана оның бұл әрекетін елемеген болсаңыз, осы жазаныз да жеткілікті болады. Мұның да себебі бар, өйткені бала өзіне назар аударғанды жақсы көреді. Жата қалып жылай бастағанына назар аудармасаңыз, оның орынсыз екенін сезіне бастайды. 13. Егер баланың қандай да бір іс - қимылы сізге жағымсыз болса, ыңғайсыздық тудырып жатса, оған шектеу қойғаныңыз дұрыс. Бірақ әрине бірден түріңізді өзгертіп «болмайды!» деп айғай салу дұрыс емес. Одан да баланың назарын басқа бір қызықты іске айналдырып жіберуге болады. Мұнда сізге сабыр қажет. Сонымен қатар, бала тілімен, оған түсінікті түрде бұлай жасау өзіңізге ыңғайсыздық тудыратынын түсіндіріп айтсаңыз, жетіп жатыр.

Қорытынды:

1. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында «Консультациялық пункт» жұмысын жоспарға сәйкес ай сайынғы жұмысын жалғастыру.



Балабақша меңгерушісі: _____

Әдіскер: _____

Психолог: _____

Тәрбиеші: _____

Еркусимова Л.Т.

Кангожина Н.Т.

Арзакулова Д.К.

Боранбаева С.С.

Балабақшаға дайындық

Баланы балабақшаға, тәрбиешілерге үйрету үшін, алғашқы кездері баланы тек балалармен серуендеуге әкеліп, одан соң жарты күн, кейін күндізгі ұйқыға қалдыру қажет. Бұл жағдайға балабақша әкімшілігі түсіністікпен қараса, барлық жағдайда баланың қажеттілігі ескерілетіндігін білдіреді.

Балабақшаға бейімделу – бұл баланың балабақшаға үйрену мерзімі. Бұл мерзімде балаға үйден кеткісі келмеу, балабақша талпытарына қарсылық білдіру, қыжырлық көрсету, ызыдану немесе ұйықтық, балабақша қызметкерімен қарым-қатынасқа түсуден бас тарту әрептері байқалады. Сонымен бірге ата-аналармен қоштасу кезінде анасының қолын жібермей қылаған бала, анасы кеткен соң тәртібі өзгереді-бала тынышталып анасы туралы есіне алмайды.

Баланың балабақшаға бейімделу мәселесі туралы анасы бала психологымен ақылдасып алғаны дұрыс. Әрбір ата-ана баланы болмы жатқан жағдайлардың себептерін толық талдай алмайды, бұл жерде тәрбиеші себепсіз қиналып, баланың психикалық жағдайына күмәнданбаған дұрыс. Бұл жерде мәселе осы ұақыттың бала баратын балабақша талпытарына, осы ұақыттағы баланың жеке дара ерекшеліктері сияқс емес екендігі туралы сөз болуы керек. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ақылалы бар екенін түсінуі тиіс.



«Балалар» Маржанбұлақ балабақшасының әдіскері : Н.Т.Қанғожина

АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС

«Баланың балабақшаға бейімделуі»

Баланы балабақшаға беру немесе бермеу жағдайына жалпы жаңының жайлылығы, барлық жаңа мүшелерінің эмоциялық күйі, ата-ананың өзін-өзі бағалауы және жаңының маңызды мәселелері байланысты.

Мәселенің психологиялық жағы: болып жатқан өзгерістерге бейімделу бұл балаға да, ата-ана үшін де қиын.

Сонғы жылдары қоғамда бала тәрбиесіне көзқарас өзгерді, бұл мектепке дейінгі мекемелердің бала өміріне қатынасына байланысты болды. Қазіргі уақытта барлық қоғам мүшесі балаларына өзара іс-әрекет формасы мен әдіс тәсілдерін өзгері тандайды. Сонымен бірге көпшілік ата-ананы бала үшін балабақша қажет пе? - деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым-қатынаста тәжірибе жинақтайды және мектепке келгенде осыған сүйенеді», - деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан құрдастарымен қатынастарда қиындыққа ұшыраған балалары бар ата-аналар балабақшаға барса, бұл қиындықтан шығады деп үміттенеді.



Ата-аналарға балабақша медбике кеңесі:


БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАЛАНЫҢ КІІМІ

1. Бала балабақшаға таза киіммен келеді.
2. Топта баланың ауыстыратын аяқ киімі болу керек (еденде із қалдыратын қара табанды аяқ киімдер кигізбеуге тырысу қажет)
3. Балабақшада баланың киімдерін сақтайтын арнайы орын бар, оны ата-анасы ретке келтіріп отырады.
4. Балабақшада әрбір балада өзінің жеке тарағы және таза қол орамалы болуы тиіс.
5. Дене шынықтыруға қатысу үшін баланың арнайы дене шынықтыру киімі болуы керек, ол топ тәрбиешісі және басқа ата-аналармен келісіледі. Даладағы дене шынықтыру сабағы үшін бөлек арнайы киімдер болуы керек.
6. Далада серуенге шығу үшін баланың белсенді қозғалысына кедергі болмайтын киімдер болуы керек және ол тез кептіруге болатын, кір көтеретін болғаны жөн.
7. Балалардың киіміне ата-ананың қалауы бойынша жоғалып кетпеуі үшін немесе басқа балалардың киімімен ауысып кетпеуі үшін белгілер қоюға болады.
8. Киім мен аяқ киім ауа райына сәйкес болуы тиіс.
9. Қыста және ылғалды ауа райында баланың қосымша құрғақ қолғабы мен киімдері болғаны дұрыс.
10. Баланың киім салғышында міндетті түрде ауыстыру үшін қосымша құрғақ киімдер жинағы болуы тиіс.



«Балапан» Маржанбүләк балабақшасы медбикесі:

Алдиярова А.А.



Балалық шақтың алғашқы күндерінен бастап баланы гигиеналық дағдыларға үйрету керек. Бұл процесі бала өсіп толғын әлі кішкентай деп кейінге қалдыруға болмайды. Бұл кәсіп пікір. Ұқыпты боп жүру, қолдарын, денелерін таза ұстап, шаштарын тарап, аяқ киімдерін таза ұстау маңызды. Балалар бұл әрекеттің барлығы айналаға деген сыйластықтың белгісі екендігін түсіну керек. Яғни, кез-келген адамға қолы лас адаммен амандасу, лас киім киген адамға қарауға құтықсыз болатынын түсіну керек.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының медбикесі Алдиярова А.А.

Медбикенің кеңесі:

- Өзінің сыртқы келбетін бақылай білуге,
- жұмыну үшін сабынды пайдаланып дұрыс жуынуға сүйсімен құрағып сүртінуге, тарақты пайдалана білуге, қол орамалды пайдалана білуге үйрету;
- Тамақтану барысында үстел басындағы әдеп дағдыларын меңгерту: қасықты дұрыс ұстау, сулықпен сүртіне білу, нан қиқымын түсірмей жегу, астану кезінде сөйлемей, ұртын тамаққа толтырып сөйлемей;
- Гигиеналық ережелерді үнемі сақтай білуін қадағалау. Балаға ережені сақтаудың маңызын түсіндіру. Үйретудің алғашқы кезінде қажетті дағдыларды меңгеру үшін көмек беру қажет. Мысалы: қолды жуу үшін алдымен киім жесің түру керектігін және сабынмен көпіртіп жуып құрағып сүрту керектігін көрсетіп жүйелі орындауын қадағалау керек.
- Мектеп жасына дейінгі балалар тамақтанар алдында, әжепханаға кіргеннен кейін, серуеннен қайтқаннан кейін, жануарлармен ойнағаннан кейін, лас болған әр кезде жұмыну керектігін түсініп дағдыға айналдыру керек;
- Мектеп жасына дейінгі шақта гигиеналық тазалыққа тістерін тазалауға (жогарыдан төмен қарай, тістің ішкі құмысын да жуу және түңгі ұйқыға жатар алдында жуыну) үйрету. Таңертемен ұйқыдан кейін ауызды асықпай шаю керектігін түсіндіру, үйрету. Әр тамақтанғаннан кейін жылы сумен шаю;
- Тарақты пайдалану, қол орамалды пайдалану дағдыларын бекітіп отыру керек. Жөтелу кезінде, түшкіркенде артқа бұрылып ауыздарын қол орамалмен жабу керектігін үйрету;